

Ізгілік педагогикасының манифесі

Мұғалім өз сабағын сәулелендіретін нұрды қайдан алады?

... мұғалім өз бойындағы рухани әлемнен алады, егер ол әлем әсемдікке, асқақтыққа толы болса ...

Біз рухани бастаудан туындайтын, сыртқы әлемнен келетін ақпаратты дамытамыз, асқақтатамыз, ізгілендіреміз. Міне, осы бейнелермен оқушыларымыздың рухани әлемін толықтырамыз.


Ш.А. Амонашвили

- **Бала шынайы адамдықты танып білуді педагогикалық үдеріс кезінде үйренеді;**
- **Педагогикалық үрдісте баланы әлеуметтік үрдіске қарсы арандатушылыққа апаратын әдістердің қолданылуына жол бермеу;**
- **Педагогикалық үрдісте адамилыққа үйрету жағдайлары: эстетикалық орта қалыптастыру, мектеп микроәлеуметінің моральдық-психологиялық атмосферасы.**




Ш. А. Амонашвили

*«Ұстаз, менң шығармашылыққа шабыттандыр»
гуманистік педагогиканың Халықаралық оқулары,
Москва, 2011*



*«Ұстаз, менң шығармашылыққа шабыттандыр»
гуманистік педагогиканың Халықаралық оқулары,
Москва, 2011*

*Жансыз, тұтас емес,
қозғалыссыз білім*



*Жанды, біртұтас,
сүйіспеншілікті білім*



Мұғалімнің заңдары:

- баланы сүю
- баланы түсіне білу
- баланы шабыттандыра білу

Мұғалімнің парыздары:

- баланың бойындағы шексіз кемелдену мүмкіндігіне деген сенім
- өз бойындағы жоғарғы рухани бастауға деген сенім
- тек ізгі әдістердің күшіне деген сенім.

Мұғалімнің жеке қасиеттері:

- мейірімділік
- ашықтық және шынайылық
- адалдық

Баланың сүйеніштері:

- дамуға
- есеюге
- еркіндікке ұмтылыс

Химия пәні мен өзін-өзі тану пәнін ықпалдастыруда металдардың қасиеттерін атай отырып, оның адамның мінез-құлқымен байланысы жайлы, мысалы, "сабыр түбі сары алтын - сабырлының бәрі алтын" дей отырып жақсы мінезді адам болуға оқушыларды баулу, судың қасиетін, адам өміріндегі маңызын, ғалымдардың судың ақпаратты тасымалдағыш қасиеті, яғни, жағымды ойдың, сөздің судың құрамына қалай әсер ететіні, оның адамға әсері туралы ғылыми деректерді ұсынуға болады. Жаһандық мәселелерді шешеудің жолын қарастыру, жүзеге асыруда оқушыларға қажетті білім, тұлғалық даярлық, оның ішінде алған білімді өмірде пайдалану туралы ой бөлісуге болады.

Қазақ тілі пәні мен өзін-өзі тану пәнін ықпалдастыру: Мысалы Синоним сөздер

□ Мағыналары бір-біріне жуық, бірақ дыбысталуы басқа – басқа сөздерді *синоним* дейміз.

□ Мысалы: әдепті, тәртіпті, ақылды, білімді, сыпайы.....

□ Түйін: «Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала сорлы бала», деген мақалдың мәнін ашатын болсақ, егерде бала өз ісінде дұрыс әрекет жасайтын болса, атқаратын істеріне сүйіспеншілікпен қарап, әрдайым өзін тек қана тыныштықта ұстайтын болса, ешкімге ешқашан да қиянат жасамайтын болса онда сол баладан дұрыс әдепті, тәртіпті адам шығатынымен түйіндеу.

Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру

Мысалы: “Тауық пен балапандар”

Тауық шықты көшеге,
Ерді барлық шөже де.
Алға кетті 2-еуі,
Артта қалды 2-еуі.
Санай алмай барлығын
Есі шықты тауықтың.
Сен есепте, балақан,
Қанша еді балапан?

“Торғай екеш торғай да- өз балапанын қорғайды”. Тауық-ол ана, өзінің балапандарын қорғап, үнемі көз алдында болғанын қалайды. Бізді анамыз қалай өсіріп, біз қуансақ қуанып, біз мұңайсақ мұңайып жанымызда болса, тауықта өз балапандарының көз алдында болмағанына мазасызданды.

Түйін: Адам бойындағы мейірімділік, қамқорлық, қайырымдылық болса және ол қасиеттерге дұрыс әрекет жасай білсек әрқашанда бір –біріне деген сүйіспеншілік туындайды